Дарқандықты қазаққа дала берген секілді...

Ежелгі заманнан-ақ қазақтың жері кең екені бәріне де мәлім жайт. Қазақ жері әрбір қазақ үшін жанына жайлы, құтты мекен. Біздің жеріміз кең, әрі жазық дала. Бұл біздің, қазақ даласының дарқандығы деп есептеймін.

Қазақ даласы өзінің сұлулығымен, жасыл табиғатымен, таза ауасымен ерекшеленеді. Сылдырлап аққан өзендері мен көлдері, жұпар иісі, жап-жасыл ормандары мен тоғайлары адам жанына бостандық, еркіндік әрі ең бастысы тыныштық сыйлайды.

Біздің даламыздың жемісіне көз тоймайды. Тіпті шет елден келген туристердің өзі біздің байтақ даламызды көріп, таңырқап қалады. Шынымен де, қазақ даласынан асқан жер табу мүмкін емес. Еліміздің топырағы да құнарлы, ауасы да таза.

Әрбір адам үшін өзінің туып-өскен даласынан қымбат, жақын, сонымен қатар осы даласынан асқан артық жер жоқ. Балалық шағында алсаңда, ең алдымен ойыңа өзіңе ыстық қазақ даласы еске түседі. Қазақ даласының қуатты бір сиқыры бар секілді. Адамзатты өзіне тартып тұрады. Басқа елде жүрсе өзінің кең даласын аңсап, сағынады.

Біздің даламызды кең, байтақ, жазық дала деп айтуы да жай ғана сөз емес. Тіпті ақын, жазушыларда осы табиғатымызға, даламызға қарап отырып шабыт алған. Соның арқасында қаншама оқырманның жүрегін жаулаған туындылар жазған. Мұны мен не үшін

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 2

айтып отырмын?! Себебі; бұл даламыздың адамға беретін жерін білдіреді.

„Дарқандықты қазаққа дала берген секілді" деген ұғымды мен былай түсінемін: Қазақ елі өзінің осындай жері арқылы танымал. Осы дала дарқандықты елге беріп тұр. Еліміздің дарқандығы, жерімiздің кеңдігі біз үшін үлкен бақыт. Біздің даламыздың дарқандығы соншалық, ерте заманнан-ақ жауларымыз біздің даламызға көз тіккен.

Ойымды қорытындылай келе, мен „Дарқандықты қазаққа дала берген секілді..." деген тұжырым өте дұрыс айтылды деп жауап бере аламын. Біздің дарқандығымыздың символы – біздің даламыз. Мен осындай тұжырымға келдім. Даламызды қанша мақтасақта, жақтасақта біз артық айтпайтынымызды түсіндім. Дала – жай ғана жеңіл сөз емес. Осы сөздің астында қаншама мағыналы түсінік жатыр.